

Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Ақтөбе облысы

№86

2024-04-10

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Ереже негізінде әрекет ететін Басшысы Меруенов Серик Тулегенович атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын ИП БАЙМУХАНОВ ФАРХАТ РАХИМЖАНОВИЧ, ЖК куәлігі негізінде әрекет ететін Басшысы Баймуханов Фархат Раҳимжанович атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және «2024-03-13» жыл № 11853792-ЗЦП1 «Бағалы ұсыныстытарға сұраным» мемлекеттік сатып алушы қорытындылары негізінде осы көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Қызмет(тер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Көрсетілген қызмет(тер)ді қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді:

ерекшелігі бойынша **082-015-159** бейнебақылау жүйелерін және үқаса жабдықтауды техникалық қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетулер;

1.2 Төменде келтірілген күжаттар мен онда келісілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

- 1) осы Шарт;
- 2) лоттар тізбесі және қызметтер көрсету шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 2 345 780.00 (екі миллион уш жүз қырық бес мың жеті жүз сексен тенге нөл тиын)) тенгені құрайды және қызметтерді көрсетумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Қазынашылықтың аумақтық органында Шарт **082** Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру үйымдарында жалпы білім беру бюджеттік бағдарламасы, **015** Жергілікті бюджет қаражаты есебінен кіші бағдарламасы, **159** Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу ерекшелігі бойынша - 2 345 780.00 (екі миллион уш жүз қырық бес мың жеті жүз сексен тенге нөл тиын) ҚҚС есепке алмағанда 2024 жылы тіркеуге жатады.

2.3 Көрсетілген қызмет үшін төлемді Тапсырыс беруші көрсетілген қызмет актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жургізеді.

Осы күжат «Электрондық күжат және электрондық цифрлық қолтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қантардағы N 370-II Заны 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы күжатпен бірдей.



Қызмет көрсету актісінің нысанын Өнім беруші алдын ала Тапсырыс берушімен келіседі.

2.4 Орындалатын қызметтердің көлемі Шарттың 1 Қосымшасында көрсетілген.

2.5 Телеу алдындағы қажетті құжаттар:

1) аумактық қазынашылық органдың тіркелген Шарт;

2) көрсетілген қызмет актісі (актілері);

3) осы Қағидаларға 45-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі жергілікті қамту улесі бойынша есеп;

4) Өнім беруші Тапсырыс берушіге көрсеткен қызметтердің сипаттамасымен, жалпы сомасы көрсетіле отырып, электрондық шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы 70 373.40 ((жетпіс мың үш жуз жетпіс үш теңге қырық тиын)) құрайтын Шарттың жалпы сомасының 70 373.40 теңгеге тең 3 (үш) пайзы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын төмендегідей түрде енгізуге міндеттенеді:

өлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;
не:

Мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру қағидаларына 38-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

не:

шарттың орындалуын қамтамасыз ету (авансты қамтамасыз ету) мақсаттары үшін, «Өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Каржы министрінің 2022 жылғы 23 ақпандығы № 206 бүйрүғымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12599 болып тіркелген) бекітілген, өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шартқа сәйкес жасалатын өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шартын электрондық құжат нысанында не қағаз тасығышта ұсынылады.

Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты қамтамасыз етуді) веб-порталда оның электрондық көшірмесін орналастыра отырып, қағаз тасығышта ұсынған кезде түпнұска тапсырыс берушіге шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты қамтамасыз етуді) ұсынудың түпкілікті мерзіміне дейін ұсынылады.

Тапсырыс беруші сақтандыру шартын алу фактісін қағаз тасығышта өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын тіркеу журналында тіркейді.

Бул ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талантарға көрсетілетін қызметтердің сейкестігін қамтамасыз етуге;

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық колтандыба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заны 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндettенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға қупия түрде және міндettемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

6) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндettемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

7) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушігে толық көлемде етеуге міндettенеді.

8) Тапсырыс берушігে веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген көрсетілген қызметтер актісін, сондай-ақ осы Қағидаларға 45-косымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтердегі жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

9) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шотфактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндettенеді;

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша көрсетілген Қызметтерге төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Қызметті мерзімінен бұрын көрсетуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) Қызметтерді көрсету үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) көрсетілген Қызметтердің сәйкесіздіктері анықталған кезде тез арада Өнім берушінің жазбаша хабарландыруға;

3) Қызметті қабылдау кезінде веб-портал арқылы көрсетілген қызметтер актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алушы жүзеге асыру қағидаларының 546-тармағында белгіленген мерзімде оның қабылданбауына дәлелді негіздемелерді көрсете отырып жұмысты қабылдаудан бастартуға

4) көрсетілген қызметтер актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны бекіткеннен кейін қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіpte және мерзімдерде төлем жүргізуге міндettенеді.

1) көрсетілген Қызметтердің сапасын тексеруге;

2) Қызмет мерзімінен бұрын көрсетілген жағдайда Тапсырыс беруші қызметті мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Қызметті мерзімінен бұрын көрсетуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Қызметтердің техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері Көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі түрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шенберінде көрсетілген Қызметтер техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде көрсетілген Қызметтердің нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкесіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде колданады.

4.4 Жоғарыда көрсетілген ешбір тармақ Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Қызметтер көрсету

5.1 Өнім берушінің қызметтерді көрсетуі Шарттың ажырамас белігі болып табылатын Шартқа 1-қосымшада көрсетілген мерзімдерде жүзеге асырылады.

5.2 Өнім беруші Тапсырыс берушігө осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте қызметті толық тапсыруы шартында Қызмет көрсетілді деп есептеледі.

6 Кепілдік

6.1 Өнім беруші Тапсырыс берушігө үздіксіз, сапалы және уақтылы Қызмет көрсетудің қамтамасыз етілуіне кепілдік етеді.

6.2 Өнім беруші техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) Қызметтерінің қателерін, жете өндеулері мен басқа да сәйкесіздіктерін ақысыз түзетуге кепілдік береді.

6.3 Тапсырыс беруші берілген кепілдікке байланысты барлық шағымдары туралы Өнім берушігө жазбаша түрде жедел хабарлауға міндетті, одан кейін Өнім беруші, осыған байланысты барлық шығыстарды қоса алғанда, өз есебінен кемшіліктерді жою шараларын Тапсырыс беруші хабарламасында айқындалған мерзімде қолдануға тиіс.

6.4 Егер Өнім беруші хабарламаны алғып, кемшіліктерді жою шараларын уақтылы қолданбаса, Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім берушігө қатысты езінің басқа құқықтарына ешқандай нұқсан келтірмей және Өнім беруші есебінен қажетті санкциялар мен кемшіліктерді жою шараларын қолдана алады.

7 Тараптардың жауапкершілігі



Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қантардағы N 370-II Заны 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындаған немесе тиісінше орындаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шоғында/мемлекеттік қасіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шоғында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушігে тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушігে мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпүл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпүл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-нан аспауға тиіс.

7.3 Қызмет көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппүл, өсімпүл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындаған (ішінара орындаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппүл, өсімпүл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпүл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-нан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Қызмет көрсетуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Қызмет көрсету мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Қызмет көрсету мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппүл, өсімпүл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жакты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппүл, өсімпүл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушігে Шарт бойынша қызмет көрсету үшін қажетті күннен немесе мерзімдердің азауына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе қызмет көрсету кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулар Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін Тапсырыс берушінің алдын-ала жазбаша келісімінсіз біреуге не толық, не ішінара беруіне рұқсат етілмейді

7.8 Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді (егер шартта аванс көзделген болса) Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына байланысты сәйкес өнім беруші енгізген соманы қайтармайды.

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумактық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күннен бастап күшіне енеді және 2024-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Мынадай оқиғалар олардың көбеюі белгінде қызмет көрсету ұзактығы мерзімдерінің өзгеруіне әкеп соқтырады:



Осы күжат «Электрондық күжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қантардағы N 370-II Заны 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы күжатпен бірдей.

1) Тапсырыс беруші Объектінің барлық участеклерін пайдалануға тыйым салады, ол өз кезегінде қызмет көрсетудің кешіктіруіне әкеп соқтырады;

2) Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шартта жоспарланбаған сынақтарды жүргізу үшін қызмет көрсетуді тоқтатуға нұсқау береді. Бұл ретте, егер аталған сынақтар ақауларды анықтамаған жағдайда, қызмет көрсетуді тоқтату уақыты қызмет көрсету мерзіміне қосылады;

8.3 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржакты төртінші Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.4 Шарт одан әрі оны орындау орынсыз болған жағдайда, тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

8.5 Жоғарыда көрсетілген жағдаяттар негізінде Шарт жойылған кезде, Өнім беруші Шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

8.6 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып:

1) егер Өнім беруші көрсетілетін қызметті Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде орындаі алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындаі алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.7 Шарт

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылғаны анықталған;

2) мемлекеттік сатып алууды үйымдастыруши Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсеткен;

3) Заңның 43-бабының 23-1-тармағында көзделген шектеулер бұзылған;

4) шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетілген жағдайды қоспағанда, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді сомаларды енгізбеу арқылы Шарт жасасудан жалтару жағдайында кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін.

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама теленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефонкс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне енү күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар ол үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырлмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қымылдары, табиги немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге туіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындаитын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға туіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Өзге де шарттар

12.1 Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3 Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістер енгізуге Заңның 45-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда жол беріледі.

12.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Ойыл ауданының білім белімі»
мемлекеттік мекемесі
Актыбинская область, Уилский район,
с.Уил, Кокжар, 56
БСН 131040003984
БСК KKMFKZ2A
ЖСК KZ11070102KSN0601000
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық
Комитеті" РММ
Тел.: 87133222077
Басшысы Меруенов Серик Тулегенович

**Өнім беруші (Өнім беруші ақша
талабын (факторингті) басқаға беру
арқылы қаржыландыру шартын
жасасқан кезде қаражат алушы):**
ИП БАЙМУХАНОВ ФАРХАТ
РАХИМЖАНОВИЧ
Актыбинская область, г.Актобе, район
Алматы, Арынова, 1, 104
БСН/ЖСН 880322300250
БСК IRTYKZKA
ЖСК KZ6296515F0007457963
"ForteBank" АК
Тел.: 7021032047
Басшысы Баймуханов Фархат
Рахимжанович

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК - банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС - қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



2024-04-10 10:52:12
Меруенов Серик
Тулегенович
«Ақтөбе облысының
білім басқармасы
Ойыл ауданының
білім белімі»
мемлекеттік
мекемесі

Государственное
учреждение «Отдел
образования
Уилского района
Управления
образования
Актыбинской
области»



2024-04-10 16:03:58
Баймуханов Фархат
Рахимжанович
ИП БАЙМУХАНОВ
ФАРХАТ
РАХИМЖАНОВИЧ

ИП БАЙМУХАНОВ
ФАРХАТ
РАХИМЖАНОВИЧ



Сатып алышатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 11853792-1

Электрондық конкурстың атавы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атавы	Атауы	Кысқа сипаттама	Косымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемді	Бірлік бағасы, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу оридар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, тенге	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	
082-015-159 : Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы толеу										бейнебақылау жүйелерін және үқаса жабдықтауды техникалық қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетулер			
67094554-ЗЦП2	«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім белімі» мемлекеттік мекемесі	Өрт/күзеттік хабарлагышты/өрт сөндіру/бейнебақылау жүйелерін және үқаса жабдықтауды техникалық қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетулер	Өрт/күзет белгі беру/өрт сөндіру жүйелеріне/бейне бакылау және үқас жабдықтарға техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер			Бір қызмет	1	2 345 780.00	31.12.2024 дейін	31.12.2024 дейін	Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл а. (1)	0	2 345 780.00

